

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Көрнекті ғалым-шығыстанушы, Қазақстан археологтарының ғылыми мектебінің негізін салушы туралы сөз

Әлкей Марғұланның 110 жылдығына орай

Көрнекті қазақ ғалымы, республика археологтары ғылыми мектебінің негізін салушы академик Әлкей Марғұланның өмірі мен қызметі жалпыланған. Ол елдің және әлемнің ғылыми қоғамдастығына археология саласындағы көптеген еңбектерімен ғана белгілі болып қоймай, сондай-ақ айтулы этнограф, тарихшы, шығыстанушы болатын. Сонымен қатар оның қазақтың дәстүрлері, музыкасы және фольклоры, елдегі географиялық атаулар туралы белгілі еңбектердің авторы болып табылатындығы айтылған. Этнография, археология, антропология, тарих және өнертану саласында білгір ғалым болған осынау бірегей тұлғаның шығармашылық қызметін әрі қарай зерттеу қажеттігі туралы пікір айтылған.

Кілт сөздер: ғұлама ғалым, даңқты археолог, әдебиеттанушы, этноархеология, экспедиция, жаналықтар, қола дәуірі, мұра, кудалауға ұшырауы.

Kipicne

Академик, атақты археолог, белгілі фольклорист, шоқантандың жетекші маманы, әдебиеттанушы, өнертанушы Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1904 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Бастапқы білімді ауыл мектебінен алған. Семей педагогикалық техникумын, Ленинградтағы Шығыстану институтын және Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасын бітірген. Қазақстан ғылымында этноархеологиялық жаңа ағымның негізін қалаған. Этноархеология зерттеулерінің басты нысаны болып халықтың материалдық мәдениеті, ал пәні адамдардың іс-әрекет ерекшеліктері мен әлеуметтік қарым-қатынастарының өзіндік бет-бейнесі болып табылады. Кең байтақ қазақ жеріндегі көптеген ескерткіштер мен ашылмаған тарихи-мәдени құбылыстарды жаңаша зерттеуге бұл ғылымның әдіс-тәсілі маңызды рөл атқарады [1].

Жас Әлкейдің туып-өскен жері — Баянауыл атырабында көне тарихты да, XV–XIX ғасырлар әңгімелерін де мол білетін шежіре ойлы кісілер аз болмаған. Болашақ ғалым XVIII ғасырда қазақ халқының жоңғар, қытай басқыншыларына қарсы күрес хикаяларын, ел батырларының ғажайып ерлігін, XIX ғасырдың түрлі оқиғаларымен белгілі адамдары туралы нақтылы мағлұматтарды өз ауылының қарияларынан естіген. Қазақ халқының азаттық күресін бастаушылардың бірі — Олжабай батыр — Әлкейдің арғы атасы.

Арғын — Орта жүз құрамына кіретін алты арыс елдің ең көбінің бірі. Арғынның өсіп-өнуі туралы шежіреде: Жанарыстан — Қарақожа, одан — Арғын. Арғыннан — Құтан (Қодан, Құттан), одан — Ақжол би (Дайырқожа). Ақжол биден — Қарақожа батыр, одан — Мейрам (Мейрам сопы). Мейрамнан — Сүйіндік, одан — Суғыншы. Суғыншыдан екі бала: Шуманақ, Мәжік. Шуманақтан — Құлболды. Құлболды әулиенің тұңғыштары — Тұлпар, Күлік; кенжесі Айдабол [2; 64–85].

Айдабол балаларының тарауы былай: бірінші әйелінен — Жанқозы, Малқозы, Кенжеқозы; екінші әйелінен — Қарақозы, Бозқозы, Аққозы; үшінші әйелінен — Қожагелді, Тайкелтір. Малқозыдан — Толыбай, одан — Олжабай батыр.

М.Хақанов «Он сан қолды Олжабай батыр» атты мақаласында батыр бабасы жөнінде мынандай қызық деректер келтірген: «... Бабамыз жөніндегі ел аузында жүрген аңыз-әпсананы айналысқа кіргізу бәріміздің де міндетіміз.

Бірінші айтар әңгімеміз — батырдың қазақ қолының ту ұстаушысы болғандығы. Үлкен шайқаста ту ұстаушыны қолға түсіру үшін екі жақ та жанталасады. Тудың құлағаны жаман ырымға саналған. Сондықтан ту ұстау әркімге тапсырылмаған. Алғашқысында Қаратай батырдың туын ұстап соғысқа кіреді. Екінші айтарымыз — сол соғыста дұшпанның ту ұстаушысын мерт етеді. Абылай хан қол бастағанда да Олжабай оның ту ұстаушысы болады. Қалден Серенге қарсы соғыста батыр ханның сарыала туын уысынан шығармай, қамалды алуға жол салады. Бұл жөнінде Сақау ақын былай деп жырлайды:

*Олжабай Орта жүзде ту ұстаған,
Балапан түйгын құстай қоныстанған.
Қолының қоспасынан оқ тисе де,
Ту ұстаған жерінен жылыспаған.*

Үшінші айтарымыз — баба есімінің ұранға шыққандығы жөнінде. «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» дегеннен-ақ түсіне қаламыз. Бұл кәдімгі Түркістан шайқасында көзге түсіп, есімі ұранға шыққан Олжабай батыр Толыбайұлы. Төртіншіден осы мысалдардың өзі-ақ бабамыздың аға батырлар қатарына жататынын, Бөгенбай, Қабанбай сынды батырлармен қатар тұрғандығын көрсетеді. Бұқар жырау толғауларында Олжабай батырға да кең орын берілген:

*Қанды жорық Олжабай,
Болат тіркеу ордам-ай.
Қолды бастап тез аттан,
Ту көтеріп үш жақтан.
Еркіндігі шабақты,
Нәсер төгіп садақтан.
Болат қару тарланым,
Арыстандай арланым.
Сен тіріде құламас,
Сарыала туы орданың.*

Бесінші айтарымыз — бабамыз ұрыс салған жерлердің тірі жәдігердей ел есінде қалуы. Солардың қатарында Қалмаққырған тауын айтар едік. Бұл кәдімгі Баянауылдың күншығысындағы жер. Осы жерде Олжабай батыр Жасыбай батырдың кегін алып, қалмақтарды ұлардай шулатады. Ал Шүршітқырғанның жөні бөлектеу. Бұл өзі өзіміздің жер — бұрынғы Молодежный ауданының күншығысындағы Шідергі ауылы орын тепкен өңір. Бұл енді XVIII ғасырдың екінші жартысында өткен қырғын. Мұның өзі шүршіттердің Арқа жеріне жай келмегенін көрсетеді. Шүршіт атаулы жер бізде кездесіп тұрады. Оның өзінде соғыспен байланысты. Демек, біздің бабаларымыз тек жоңғармен, тек башқұртпен, тек қалмақпен ғана емес, орыстармен де, шүршіттермен де соғысып баққан» [3].

Олжабай батырдан — Дулат, одан — Марғұлан (1812–1888). Марғұланнан — Хақан (1857–1920), одан — Әлкей. Әлкейден — Дәнел [2; 365].

Даңқты Олжабай батыр туралы ұшан-теңіз әңгіме, аңыз, жырдың жасалғаны жас дарынның қиялын тербетпеуі мүмкін емес еді. Оның үстіне Сарыарқа жері қазақ әні мен өлеңінің ту тіккен ордасы болуы, ол елден небір дүлдүл өнерпаздар шыққаны, солардың кейбіреулерінің тікелей ықпалын көруі де — Ә.Марғұланның тұңғыш мектептері болды. Ал, Әлкейдің оқуға, білімге талпынып, алдына ірі мақсаттар қоюына өзі жасында көрген Сұлтанмахмұттың, бұған жақсы пейілін аямаған Қаныш Сәтбаевтың, жас кезінен достасқан Мұхтар Әуезовтің, тағы басқа көрнекті адамдардың тиісті дәрежеде ықпалы болғаны, әрине, ерекше атап көрсететін құбылыс.

Ә.Марғұланның ғылым әлемінде атқарған істері туралы қысқаша ғана ойлар

Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғылым әлемінде атқарған істері туралы ұзақ та, қысқа да айтуға болады. Желілеп айтса, оның өмірі мен өнегесі үлкен қызғылықты кітаптың мазмұнын құрайды. Осыны ескере отырып, біз XX ғасырдың ең даңқты, кесек тұлғаларының бірі туралы қысқаша ғана ойлар түюмен шегерілгенді жөн көрдік.

Оның өмірбаяндық мәліметтерін сырттай шолып шыққанда бірнеше елеулі жайлар көзге түспей қалмайды [4]:

– ол Бүкілодақтық география қоғамының толық мүшесі (1933), филология ғылымдарының докторы (1945), Қазақстан ҒА-ның академигі (1958), профессор (1960), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961);

– 1921–1925 жылдары Семей педтехникумының студенті бола жүріп, «Тан» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында қызмет атқарды. Осы жылдары ол М.Әуезовпен, М.Жұмабаевпен танысады. Ол Семей педтехникумында оқыған кезін, ұстаздарын еске алып: «Педтехникумында оқытушылар — Томскіден, Омбыдан, Қазан университетінен, Ленинградтан келген ылғи оқымысты, тілді жүйрік білетін адамдар. Олардың ішінде ең кәрісі Сироткин орыс тілін,

әдебиетін оқытады. Афиногенов — Казан университетінің профессоры физикадан, химиядан сабақ береді, Иванов — Ленинградтан тарихты, Мертвцов математикадан оқытады. Виноходов географиядан беретін. Магеллан бұғазының қай жерде екенін, Марко Полоның жүрген жолын картадан көрсетуді сұрағанда «Магелландай бол!» деп тағылым айтып отыратын [5], — дегенді жиі айтады екен;

– 1925 жылы М.Әуезовтің кеңесімен Ленинградтағы Шығыстану институтының әдебиет факультетіне түседі. Сонымен қоса Ленинград университеті мен Өнер тарихы институтының лекцияларын тыңдайды. М.Жолдасбеков «Асылдарым» деген мақаласында академик Ә.Х.Марғұланның күнделігінен мынадай қызықты мәліметтерді келтіреді: «Бізге еліміздің маңдайына ұстаған темірқазық жұлдызындай ғажайып ғұламалардан дәріс алу бақыты бұйырды. Орта Азияның тарихы мен археологиясынан академик В.В.Бартольдт, үнді фольклоры мен өнерінен академик С.Ф.Ольденбург, араб филологиясынан И.Ю.Крачковский, парсы поэзиясынан Е.Э.Бертельс, көне түркі тілінен С.Е.Малов, тіл білімінен академиктер Н.Я.Марр, И.И.Мещанинов, Л.В.Щерба, атақты шығыстанушылар В.В.Струве, Б.М.Эйхенбаум, А.Ю.Якубовский, белгілі географ Г.Е.Грумм-Гржимайло бізге лекция оқыды. Осынау корифейлерден тәлім алған біздер 2-курстан-ақ өзімізді шын ғалым санадық» [6];

– 1925–1929 жылдары қазақ халқының тарихына қатысты әдеби, мұрағаттық материалдар жинақтаумен айналысады. Бірқатар орыс және шетел жазушыларының шығармалары қазақ оқырмандарына Ә.Марғұлан аудармасы арқылы жетеді;

– 1926–1927 жылдары КСРО ҒА-ның академигі А.Ферсман мен профессор С.Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай археологиялық және этнографиялық экспедицияларының жұмысына қатысады. Экспедиция кезінде Ә.Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп қызмет істейді. Өзінің «Адайлар», «Наймандар» деген алғашқы ғылыми мақалаларын жариялайды;

– 1929 жылы Абай шығармалары туралы дипломдық жұмыс қорғап, Орыс география қоғамы мұрағатындағы Абай қолжазбалары туралы нақты тарихи деректер негізінде ғылыми дәйекті тұжырымдар жасайды;

– 1930–1931 жылдары Терминологиялық комиссияның ғалым-хатшысы, 1931–1934 жылдары Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты, 1931–1935 жылдары Шығыстану институтының оқытушысы, 1936–1938 жылдары Мәскеудегі Материалдық мәдениет тарихы институтының ізденушісі және ғылыми қызметкері болады. Осы жылдары ол Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша маманданып, бірнеше археологиялық экспедицияларға қатысады;

– 1938 жылы ҚазКСР Халық Комиссар Кеңесінің шақыруымен КСРО ҒА Қазақ филиалына қызметке ауыстырылады;

– 1939–1941 жылдары КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі Тарих институтының аға ғылыми қызметкері болады;

– 1941 жылы КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінің Тарих бөлімін басқарады. Осы қызметте жүріп «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясында көне қыпшақ тарихына байланысты құнды зерттеулер жасайды (1943);

– 1945 жылы «Қазақ халқының эпикалық аңыздары» тақырыбында қорғаған докторлық диссертация қазақ халқының мәдениеті, тарихы саласындағы зерттеулерінің нәтижесі болып табылады;

– 1946–1953 жылдары Археология, палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғылыми қызметкері; 1953–1955 жылдары Қазақстан ҒА-ның Архитектура, құрылыс және құрылыс материалдары институтының аға ғылыми қызметкері; 1958–1976 жылдары Ш.Уәлиханов атындағы ҚазКСР ҒА Тарих, археология, этнография институты этнография бөлімінің меңгерушісі;

– 1976–1984 жылдары Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері болады;

– үлкен ғылыми ағартушылық қызметін Әлкей Хақанұлы ұйымдастырушылық қызметімен де үйлестіре білді. Көп жылдар бойы қазақ халқының этногені жөніндегі үйлестіру кеңесін, Қазақ КСР ҒА Тарих, археология, этнография институтының ғылыми кеңесін, докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңесті басқарады [7].

Ә.Марғұланның қаламынан туған тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер салаларына қатысты ондаған кітап, 300-ден астам ғылыми зерттеу және 100-ден астам энциклопедиялық

мақалалар жарық көрді. Сонымен қатар Әлекең қазақстандық этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады. Оның ғылыми еңбектерінің бірқатары шетел тілдеріне аударылды. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің ізденушісі Е.Тоқтағазы белгілі әдебиетші-ғалым Рымғали Нұрғалидің Ә.Марғұланның шығармашылық ғұмыр жолын, әдеби еңбектерін саралай келе айтқанын өзінің «Марғұлан мұралары Р.Нұрғали зерттеуінде» деген мақаласында былай баяндайды: «Қазақ халқының азаттық соғысының әйгілі қаһармандарының бірі — Олжабай батырдың бесінші ұрпағы Әлкей Хақанұлы елімізге жүздеген тамаша талантты перзенттерді берген қасиетті топырақта жаратылып, бала күнінде ертегі, аңыз, өлең, жыр, шешендік сөздің шалқар теңізінде жүзіп өскен, ауылда мұсылманша хат танып, Алаш зиялыларының ықпалында болып, губерния орталығы Семей қаласында оқығаннан кейін, Ленинградта екі бірдей мамандық бойынша алған жан-жақты білімін тарих, археология, этнография, әдебиеттану, өнертану салаларында кеңінен қолданып, ұзақ жылдар бойғы табанды еңбегінің арқасында жойқын ғылыми нәтижелерге жеткен кең құлашты, терең ойлы энциклопедист-ғалым», — деп ғылыми-шығармашылық еңбегіне байланысты қарастырады. Мұнан әрі: «Оқымыстының барлық күш-қуаты — ғұн, сақ, үйсін, қыпшақ, оғыз дәуірлерінің тарихына, көшпелілер мәдениетіне, археологиясына, көне аңыз, мифтерге, түркологияға, ескі қалалар құрылысына, архитектураға арнап, кеңес заманына қатысты мүлде қалам тартпаушы орыс отаршылдығына, коммунистік тоталитаризмге іштей қарсылық, ата-бабаларының бір кезде жасаған ұлы мемлекетіне, олардың азаттық-рухани салада тудырған ғажайып өркениетіне деген мауқы басылмаған мәңгілік махаббатынан туған қайсар да қастерлі құштарлық болатын. Компартияның қылышынан қан тамған қаһарлы заманда қоғамтанушылар, тарихшылар, философтар, экономистер, заңгерлер қызыл танау саясат, шаш ал десе, бас алған науқанды, әдебиетші жазушылар билік алдында бас шұлғып, өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай, ақсақты тыңдай етіп тарих, өмірді бояп көрсететін топан туындыларды, өтірік кітаптарды қойдай қоздатып жатқан алдамшы дәуірде бекерге былғанбай, есіл еңбекті айдалаға жібермей, ғасыр тұңғығына саналы түрде сүңгіп кетіп, ұлт алдындағы азаттық парызын адал абыройымен ақтап кеткен академик Әлкей Марғұлан аруағына ұрпақтары бас иеді», — деген нақты байлам айтады [8].

Сонымен, қазақ халқының көрнекті ғалымы, айтулы әдебиетші һәм зерттеушісі, академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан саналы ғұмырын туған халқының тарихы мен археологиясына, әдебиеті мен мәдениетіне арнап, өзінің көптеген бай мұралары, ғылыми зерттеулері, дәлелді құнды пікірлері мен тұжырымдарында осы бағытқа жемісті қызмет етті.

Ә.Марғұланның тарихи, археологиялық және этнографиялық ғылыми зерттеулері, олардың ғылыми және тәлім-тәрбиелік маңызы

Туған халқының тарихына ден қойып, зерттеу жұмыстарын сонау Ленинградта оқып жүргенде-ақ бастаған Әлкей елге келгеннен кейін де осынау бейнеті мол, көп ізденіп, зерттеуді қажет ететін жауапты істі одан әрі жалғастырып, Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Шу, Талас өзендері бойында және көне Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының орындарында түрлі қазба жұмыстарын жүргізеді. Содан жинаған материалдарының негізінде «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» («Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана») деген монографиялық еңбек жазады.

1950 жылы жарық көрген осы еңбегінде Әлкей Хақанұлы тарих ғылымы тоталитарлық идеологияның құрсауында болған кезеңнің өзінде, профессор Семеновтың «көшпелілер тарихта отырықшы елдердің мәдениетіне үнемі ойран салумен болды» деген шовинистік көзқарасына батыл тойтарыс беріп, көшпелі қоғам да отырықшы мәдениетпен бірге астасып, бірлікте өмір сүргендігі туралы, көшпелілік пен отырықшылықты бір-біріне қарсы қою — ғылымда жат құбылыс екендігін алғашқы рет жан-жақты батыл дәлелдеді [9].

Өткен ғасырдың 1950–1960-жылдары академик Ә.Марғұланның тікелей жетекшілігімен республиканың барлық аймақтарында жүргізілген археологиялық зерттеу, барлау жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанның археологиялық картасы тұңғыш рет жасалып, жарық көрді. Әлекең ұйымдастырып, көп жылдар бойы өзі жетекшілік жасаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының қарымды еңбегінің нәтижесі 1966 жылы жарық көрген «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты ұжымдық көлемді монография болды. Бұл кітаптың құндылығы жоғары бағаланып, Ә.Марғұлан басқарған авторларға Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

Әйгілі Арқаның Бетпақ даласынан бастап, қасиетті Баян жеріне дейінгі аралықты түгелдей шарлап, тамыры тас дәуірінен бастау алатын көнелердің орнын анықтап, ежелден бері Қазақстан аумағы иесіз жатқан жер емес екенін шама-шарқы келгенше дәлелдеген Әлекеңнің ашқан жаңалақтарының бірі — ғылымда аса маңызды Беғазы-Дәндібай мәдениетінің феномені.

1946 жылы Қаныш Сәтбаевтың тікелей атсалысуының арқасында ашылған ҚазССР Ғылым академиясында Тарих, археология және этнология институтының қарамағында Әлкей Марғұлан жетекшілік еткен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс атқара бастайды. Алғашқы уақыттағы басым бағыттардың бірі ретінде Орталық Қазақстан бойынша археологиялық тұрғыда тарихи-мәдени ескерткіштерді іздеу мақсатында толыққанды барлау жұмыстарын жүргізу таңдап алынып, сол жылдың далалық маусымында Әлкей Марғұлан көптеген басқа да ескерткіштермен қатар Беғазы қорымы бойынша алғашқы деректерді жинай бастайды.

1947–1952 жылдары аралығында арасына үзілістер салынып зерттелген қорымнан орта қола дәуірі бойынша мәліметтер қоры толықтырылып, соңғы қола дәуірі бойынша тың деректер жинақталды. Сол жылдары далалық зерттеу жұмыстарының ауқымды жүргізілуінің арқасында отандық археолог ғалымдардың жергілікті мәліметтер негізінде іргелі еңбектерінің жазылуына себеп болды.

Әлкей Марғұланның еңбегінің арқасында Орталық Қазақстан бойынша деректік қор жыл өткен сайын кеңейе түсіп, 1979 жылы көптеген қоныстар мен қорымдардан алынған материалдар Әлкей Марғұланға қола дәуірінің айрықша Беғазы-Дәндібай мәдениетіне арналған арнайы монографиялық еңбегін шығаруға мүмкіндік берді [10].

Бүгінгі күні Әлкей Марғұланның атқарған жұмысының арқасында Беғазы-Дәндібай мәдениетінің көптеген қоныстық орталықтары мен қорымдық ескерткіштері белгілі. Ә.Марғұлан басты авторларының бірі болып бес томдық «Қазақстан тарихы» мен «Орталық Қазақстанның Беғазы — Дәндібай мәдениеті» 1982 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды.

Әлекеңнің тарих пен әдебиетті қатар алып жүруі

«Жұрт мені археолог деп біледі, ал негізі ғылымды мен әдебиетші болып бастағанмын» деген Әлкей Хақанұлы өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының ортасына дейін әдебиет пен тарихты қатар алып жүрген.

Мысалы, 1940–1941 жылдары оның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Декабристер және Қазақстан», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар — тарихшы», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Суворов», «Жамбыл Жабаев», т.б. мақалалары жарық көрді.

Ә.Марғұланның «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуінде әдеби-тарихи һәм мәдени деректер молынан кездеседі. Сонымен қатар ғалым қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғылыми-зерттеу ісінің дамуына үлес қосты. Қырғыз эпосын дүние жүзіне алғаш таныстырған Ш.Уәлиханов, Кеңес заманында бастапқы зерттеулерді жүргізген М.Әуезов болса, кейіннен осы дәстүр Марғұланның «Шоқан және Манас» атты монографиясында жалғасын тапты. Ол эпостағы өмір шындығы жырдың шығу тегі, дәуірі, кейіпкерлері мен көркемдік кестесі және манасшылардың жетілдірудегі қызметі, т.б. жөнінде ғылыми маңызы жоғары пікірлер айтты.

Қадірлі ғалымның фольклорға қатысты еңбегінің дені қазақ эпосының тарихын, эволюциясын, жырларды туғызған түп себепкері — жыраулар рөлін анықтауға арналғаны аңғарылады. «Эпос жыры туралы» (1940), «Геройлық жыр тудырудың бірінші дәуірі» (1941), «Алпамыс» (1946), «Қазақ эпосының сипаты және тарихи шарттылығы туралы» (1946), «Қазақ халқының ежелгі поэтикалық дәстүрін сақтаушылар жайында» (1957) тәрізді мақала, зерттеулерінде көптеген құнарлы ойлар келтірген [11].

Әлкей Хақанұлы — қорқыттанушы. Ол оғыз қыпшақ тайпасынан шыққан данагөй абыз, жырау, күй атасы, қазақ бақсыларының жебеушісі, батагөй-сәуегейі Қорқыт мұрасын зерттеді. Оның жазуынша, қазақ музыкасы мен философиясында «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Тәңір бий» дейтін рухани ізгі дәстүрлер, мақамдар қалыптасып дамыған. Демек, Қорқыт - «керемет дарын иесі», «ұлыстың ұлы кеңесшісі», «тарихи оқиғаларды жырлаушы жырау».

Марғұлан Қорқыт мұрасын, дәстүрін ұстанған халық мәдениетінің көрнекті өкілдерін былайша топтастырады:

1. Ежелгі бақсы-жыраулар: Қойлыбай, Балақай, Қарамырза, Нысан абыз.
2. Қобызбен күй шерткен атақты күйшілер: Әл-Фараби, Кетбұқа, Ер Шегедей, Досжан, Өтеболат, Қанғожа, Уәлиханов, Құрманғазы т.б.

3. Болжал айтумен халықты ойға түсірген ойшы жыраулар, шешендер: Сыпыра жырау, Асан ата, Қазтуған, Шалғиіз, Әнет баба, Бұқар жырау, Тәттіқара, Құлназар, Майлықожа.

4. Қорқыт дәстүрі бойынша қобызбен жыр тасқынын ағылтқан құйылма ақындар: Жанақ, Сабырбай, Найманбала, Жұмағұл, Базар жырау, Ерімбет жырау, Абыл жырау т.б.

Бұлардан басқа Қорқыттың әңгімесін хикая түрінде айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған шежіре кісілер де аз болмаған.

Марғұлан Қорқыттың нақыл сөздерін, Қорқыт атымен байланысты аңыздарды, Қорқыт жырларындағы мысалдарды тізбелеп көрсеткен қазақ ақын-жырауларының толғауларымен, шығармаларымен салыстыра зерттейді.

Демек, бұдан байқайтынымыз — әдебиеттанушы ғалым Әлкей Хақанұлы тек ежелгі замандағы қазақтың ауыз әдебиеті, ежелгі дәуірдің әдеби мұраларының ғана емес, сондай-ақ Қазақ хандығы дәуірінде жасаған ақын-жыраулар, жыршылар, сал-серілер мен шешендердің әдеби-шығармашылық мұрасының асқан білгірі [12].

Ә.Марғұлан 1984 жылы жазушы Жарылқап Бейсенбаевқа берген сұхбатында: «Жұрт мені филология ғылымдарының докторы деп біледі, ал маған өнер саласына арналған кітаптарым үшін өнертану ғылымының докторы атағы берілгенін біле бермейді», — деген екен. Әлекеңе бұл берілсе, берілетіндей-ақ орны бар. Өйткені ғалым «Орта ғасырдағы Қазақстан қалаларының мәдениеті» атты монографиясында Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының мәдениеті мен өнері жайлы толғанса, «Ежелгі сақ, ғұн, үйсін өнері», «Ежелгі түрік өнері» кітабында тым тереңге сүңгиді. Ал ол кісінің орыс тілінде түрлі-түсті суреттермен безендіріліп шыққан «Казакское народное прикладное искусство» атты кітабы бұл тақырыптағы халқымыздың сандаған ғасырлар бойы жинаған баға жетпес құндылықтарын қорытқан бірегей дүние болды [13; 110].

Қорыта айтқанда, Әлкей Марғұлан — аңыз жырларға, шежірелерге, хикаяларға ғылыми тұрғыдан жан-жақты әрі терең қарастыруға жол ашқан адам. Бұлай етуге ғалымның ауызша деректерді де, жазба деректерді де, қазба деректерді де теңдессіз терең біліп, үш деректі ұштастыра зерттей алуы көмегін тигізгені сөзсіз.

Ә.Марғұланның Шоқан Уәлиханов мұрасын зерттеудегі сіңірген еңбегі

Ғалымның көп жылдық үздіксіз ізденістерінің күрделі қорытындысы, өшпес жәдігері — қазақ халқының данышпан білімпазы Шоқан Уәлиханов мұрасының бес томдығын әзірлеуді ұйымдастыруы.

1957–1967 жылдары Ш.Уәлихановтың ғылыми мұраларын жинайтын топқа (М.Әуезов, С.Бәйішев, С.Мұқанов, Қ.Сәтбаев, А.Нүсіпбековпен бірге) Ә.Марғұлан басшылық етті. Халқымыздың мақтанышына айналған Шоқанның еліміздің түрлі қалаларындағы мұрағатта шашырап жатқан қолжазбаларын ыждағатпен іздеп, жиып, олардың текстің ажыратып оқу, XIX ғасырдағы ұлы ғалымның сан салалы жазбаларына түсініктеме жасау дегеннің қаншалық қиын жұмыс екенін білеміз. Шоқанның осы уақытқа дейін «жоғалдыға саналып» келген талай қолжазбасын тауып, оны жалпы жұртшылықтың оқуына мүмкіндік берген, көп жылдарын осы жолда сарп еткен, тарих ғылымынан бастап этнография, жағрапия, ботаника, философия және басқа ғылымдардың түйінін шешіп, таңғажайып түсініктер жасаған Марғұланның еңбегі — баға жетпес еңбек десек артық айтылғандық емес. Тіпті өзге монографиялары, мақалалары болмаған күнде ғұлама ғалымның осы еңбегінің өзі оның есімін құрметпен атауға негіз береді.

Филология ғылымдарының кандидаты Мырзатай Жолдасбеков Әлекеңнің бес томдықты ғылымның биік деңгейі дәрежесіне көтере білуі айта қаларлықтай өнеге деп бағалайды және «Асыл арналар» атты кітабында ол туралы былай ой толғайды: «... Әлаға, газет оқушылары сіздің ғылымдағы ізденістеріңіз жайлы білгісі келеді, мен газет тапсырмасымен арнайы келіп отырмын, — дедім. Күнделікті жоспарлы жұмысынан ойын бөлгісі келмеді ме, қайдам:

— Ол ұзақ әңгіме ғой, оның қайсысын айтамыз? — деп кейінге сілтегендей болып еді, десе де біртіндеп шешіле бастады.

— Ендеше әңгімені Шоқаннан бастайық, менің көп уақытым сол Шоқан еңбектерін әзірлеуге жұмсалды, — деп, біраз ойға шомды. Әлағаның Шоқан мұрасын зерттеудегі сіңірген есепсіз еңбегі еске түсті. Өмірден тым ерте кеткен Шоқанды әлемдік ғылым Орта Азия мен Шығыс Түркістанның айтулы зерттеушісі ретінде тіршілігінде-ақ мойындаған болатын. Ұлы ғалымның соңында қалған мол мұраны жариялауға Шоқанның айнымас орыс достары сол кезде-ақ шұғыл кіріскен, бірақ бұл игілікті

істі зиялы бауырлар мезгілінде толық аяқтай алған жоқ. Сондықтан да бұл міндетті өтеу кейінгі ұрпақтың сыбағасындағы іс еді.

Ондаған жылдар бойы жалықпай іздене түсіп, Шоқанның байтақ қазынасын Отанымыздың түкпір-түкпіріндегі архив шаңдағынан ақтарып, жинастырып, оларды ретке келтіріп бес томдық толық жинақ етіп бастырған ғалым-академик Ә.Марғұлан.

Осыншама қымбат қазынаны қалпына келтіру шын мәнінде Шоқанды қайта тірілтумен бара-бар орасан жұмыс еді. Туған халқы осы еңбегі үшін шексіз алғыс айтады» [14].

Сонымен, Әлкей Марғұланның білімінің жан-жақтылығы оның Шоқан Уәлиханов шығармаларының бес томдығын жарыққа шығарған кезде жұртшылықты таң қалдырды.

Ә.Марғұлан Алашорда қайраткерлерінің ізбасары болған

Әлкей Хақанұлының өмір жолында (өзі жиі еске алатын) аса ауыр тұстар болған. Ол ғалымның сталиндік қуғын-сүргін жылдарында тұтқынға алынуы.

Бұл оқиға Әлекеңнің Мағжан Жұмабаевпен дос болуымен байланысты еді. Әлкей Хақанұлы ерекше өлеңдерімен ұлт мұңын мұндап кеткен ұлы Мағжанның пікірлес інісі іспетті болыпты. Ленинградта оқып жүрген кезінде ақынмен жиі кездесіп тұрған.

Мағжанды 1929 жылы «астыртын контрреволюцияшыл ұйым құрып жүрсіндер» деген жаламен кеңес өкіметі тұтқынға алғаны мәлім. НКВД қызметкерлерінің тергеу кезінде қойған «Ленинградта тұрғанда кімдермен байланыс жасадыңыз?» деген сұрағына: Мағжан ақын «Досым Әлкей Марғұланов есімді жігіт жиі келіп тұрды, әйтсе де, көп ұзамай ол жігіт ауырып, ауруханаға түсті. Содан байланысымыз үзіліп қалды», — деп жауап береді. Кейін «қайсысы қай жерде жүр?» деп Мағжанның аузынан шыққан адамдардың тізімін әкелген кезде, ол Әлкей Марғұлановтың тұсына «өлді» деп жазыпты. Бұл аяулы ақынның тізімге іліккен жас інісін қалай да НКВД құрығынан құтқару үшін жасаған айла-шарғысы екені түсінікті еді.

1934 жылы Ленинградта аспирантурада оқып жүргенде Әлкей Марғұлан қамауға алынып, бірнеше ай ауыр азап шегеді. Тергеушілер одан астыртын құрылған қазақ ұлтшылдық ұйымы бар екенін, олардың пікірінше, оның басшыларының бірі Мағжан екендігін, ал жас Әлкейдің соның мүшесі екенін қайтсе де мойындатқысы келеді. Адам төзгісіз азаптан титықтаған ғалым өзіне қол да жұмсайды. Бірақ абақтыдағы серіктері көріп қалып, қаруын қолынан тартып алады. Көретін жарығы таусылмаған Әлекең ажалдан осылай аман қалады. Тергеушілер ақырында ешқандай айып таға алмай, 1935 жылдың сәуір айында оны босатуға мәжбүр болады. Осындай оқиғаны бастан кешкен Әлекең сол жылы шілдеде өзіне қандай қатер төнетінін біле тұра қуғында, бақылауда жүрген Мағжан Жұмабаевпен кездесу үшін Қызылжарға келеді. Екі күн қасында болады [13; 107].

Өкінішке орай, Әлкей Хақанұлы 40-жылдардың аяғында да бірнеше рет саяси қудалауға ұшырады. Ол кейін де ұдайы саяси бақылауда болды. Көрнекті ғалым ғылыми ортаның кейбір қисынсыз сындарына ұшырады.

Түйін

1991 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтындағы археологиялық орталықтың негізінде Ә.Марғұлан атындағы Археология институты құрылды. Астана, Павлодар, Екібастұз, Жезқазған қалалары мен Оңтүстік Қазақстан облысында, Баянауыл, Екібастұз аудандарында бірнеше көшелер, мектептер Марғұлан есімімен аталады. Павлодар қаласында ғалымның мүсіні орнатылған. Сондай-ақ Павлодар педагогикалық университетінде Марғұлан атында стипендия тағайындалып, мұражай ашылған. 2004 жылы Ә.Марғұланның 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүзілік деңгейде аталып өтті.

Әлкей Марғұланның ұзақ жылғы қоғамдық өмірдегі және ғылымдағы үлкен еңбегі жоғары бағаланып, ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталды.

Халық қаһарманы, Ұлттық ғылым академиясының академигі Шафик Шөкин Әлкей Марғұлан жөнінде былай деп әңгімелеген: «Әлкей Марғұлан уақыттың құрсағынан жаралған айрықша тұлға. Менің өмірімнің көбі ол кісімен аралас-құралас жағдайда өтті. Екеуміз бір атаның баласымыз. Әлкей 7–8 жасында «Қобыланды», «Алпамыс», «Мұңлық-Зарлық» хиссаларын жатқа айтқан екен. Әлкей Марғұлан Мұхтар Әуезовпен 1921 жылы Семей техникумында танысады, кейін 1925 жылы Мұхтар оқуын жалғастыруын өтініп, Әлкейге Ленинградтағы Герцен атындағы пединститутқа жолдама алып берді. Марғұланға өз кеңестігі осылай ашылған. Мұқаң мен Әлкей 40 жылға жуық жақсы дос болды.

Ол — ұлы ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ақыл-кеңесін көп тыңдаған адам. Әлкей шығармашылық ойдың екінші бір алыбы, ұлы Мағжан Жұмабаевтың пікірлесі, айырылмас досы болған. Мағжанмен байланысы үшін көп жылдар қара тізімде жүрді, қуғын көрді. 1934 жылы С.М.Киров өлтірілгеннен кейін, Ленинградта аспирантурада оқып жүргенде қамауға алынып, бірнеше ай түрмеде отырды. Ауыр азапқа салып, табаны мен алақанын шапаттап ұрып, тәуліктер бойы қинаған.

Осындай айуандыққа төзбеген Әлекең өзін-өзі өлтірмек болып тамағын орып та жіберген кезі болған. Абырой болғанда абақтылас серіктері құтқарып қалыпты. Әлкей 1935 жылдың сәуірінде зорға босап шықты. Мұның бәрін Әлкей маған 1972 жылы Сарыағаш курортында демалып жатқанда айтып берген. Ешкімге жария қылғанын қаламаушы еді.

НКВД-ның сыртынан бақылап жүргеніне қарамастан, түрмеден босап шыққан жылы Мағжанмен кездесуге тәуекел етеді. Бұл уақытта Мағжан Қызылжардың педтехникумында сөзтану теориясынан сабақ беретін. Мен жазғы каникулда Қызылжардағы қой шаруашылығы совхоздары тресінің басқарушысы болып істейтін Риза есімді үлкен ағамның үйінде жүргем. Келетінін алдын ала Ризаға хабарлаған екен. Бір күні Әлекең шамадансыз құр өзі кіріп келді, екі күн бұрын Мағжанның үйіне тоқтапты. Әлкей аға біздің үйде бір күн болды. Кетерінде Мағжанға жолық дегендей емеурін танытты. Мен Жұмабаевқа бір апта өткеннен кейін бардым. Басы үлкен, жазық маңдайлы, тығыз денелі, орта бойлы ғана кісі екен. Өз жасынан үлкенірек көрінеді, ол кезде (1935 ж.) 42 жаста болатын. Он тоғыз жас кіші болсам да менімен тең адамша сөйлесті. Имандай шыным, мұндай үлкен кісімен байсалды әңгімеге әзір емес едім. Қоштасарда маған өзінің қолтаңбасымен кітабын сыйлады, кітапта ақынның әйгілі «Батыр Баян» поэмасы бар еді. Бұл Мағжанмен бірінші және соңғы кездесуім. 1937 жылы ұлы ақын атылды да кетті.

Өмірінің соңғы жылдарында Әлкейді кәрілік әл-дәрменінен айыра бастаған еді. Біз сирек кездесетін болдық. Әлекең пәтердің қапырық ауасын сүймейтін. Таза ауаға құмар, пәтерден ұзап шыға алмайды, сол себепті түскі астан кейінгі демалысын балконда өткізуді ұнататын. Сөйтіп, қазақ халқына теңдессіз ұлы мұра қалдырған ұлы жүрек 1985 жылы қаңтарда тоқтады. Талай тарихқа куә болған қарашық қаңтарда «қараңғыланды» [15].

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов Әлекеңнің телегей-теңіз мол білімін мойындаса керек. Ғылым академиясының кезекті бір жиналысында төрағалық етіп отырған Мұхаң Марғұланға қарап:

— Археология жайында сөз болса, ауыз жаппайсың. Әдебиет мәселесінде де әмбеден бұрын алға шығасың. Физика да саған етенедей, химия да қимасындай. Этнографияға келгенде, елге кезек бермейсің. Әлкей, осы сенің ғылымның бәріне киліге беретінің қалай? — деп әзілдепті. Сонда Әлекең:

— Ой, Мұха-ай, көп білеміз, білген соң, қалай айтпай тұрамыз?! — депті [13;105]. Осы аңыздың астарында шындық жатыр.

Әлкей Хақанұлының артына қалдырған мол мұрасы қазіргі тарих ғылымында, жалпы мәдениетімізде болып жатқан іргелі өзгерістермен үндес, болашаққа қызмет жасайтын ұлтымыздың рухани байлығына жатады. Ә.Марғұлан шығармашылығын, сондай-ақ тарих ғылымының белгілі бір саласымен ғана шектеп қарастыру қателікке әкеледі. Өйткені ғылымның өзі тарихи процестерді жан-жақты өзара салыстыра, ұштастыра зерттеуді мақсат тұтқан. Сондықтан да ол археологиялық ескерткіштерді тарихи-жазба деректермен, тарихи жазба деректерді аңыз-жырлармен, аңыз-жырларды алдыңғы екеуімен байланыстыра зерттеген. Сол арқылы кемеңгер ғалым халқымыздың жүріп өткен тылсым әлемін жарқыратып, аша білген.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. — 1-к. — Алматы: Өнер, 2011. — 339-б.
- 2 *Алтысбес М.* Сүйіндік Айдабол бидің ұрпақтары. Тарихи-генеалогиялық зерттеу: Монография. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2010. — 476 б.
- 3 *Хақанов М.* Он сан қолды Олжабай батыр // Орталық Қазақстан. — 2014. — 9 қант. — 6-б.
- 4 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. — 6-т. / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас ред., 2004. — 368,369-б.
- 5 *Мұхамеджанов М., Жанаева Ш.Ә.* Марғұлан — Семей педтехникумының түлегі // Қазақ тарихы. — 2005. — № 3. — 123–126-б.
- 6 *Жолдасбеков М.* Асылдарым // Егемен Қазақстан. — 2011. — 6 қант. — 3-б.
- 7 Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. — II-т.: Тарихи тұлғалар. — Алматы: «Білік» баспа үйі, 2003. — 188-б.

- 8 Тоқтағазы Е. Марғұлан мұралары Р.Нұрғали зерттеуінде // Ақиқат. — 2011. — № 1. — 86–87-б.
- 9 Ахметов Қ. Кемеңгер тұлға // Жаңа Сарыарқа. — 2006. — № 2 (85). — 40–42-б.
- 10 Касеналин А. Беғазы-Дәндібай мәдениеті // Ана-тілі. — 2011. — № 24 (1072). — 16–22 маус. — 11-б.
- 11 Бердібаев Р. Ғалымның ойы артық // Жұлдыз. — 1974. — № 5. — 144–148-б.
- 12 Тоқтағазы Е.Ә. Марғұлан және Қорқыт ата // Ақиқат. — 2011. — № 5. — 101–105-б.
- 13 Ақжігіт Ө. Қазақтың Марғұланы // Жалын. — 2004. — № 10. — 105–110-б.
- 14 Жолдасбеков М. Асыл арналар: Зерттеулер, мақалалар. — Астана: Күлтегін, 2012. — 325-б.
- 15 Тарихи тұлғалар: Танымдық-көпшілік бас. // Құраст.: Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. — Алматы: Алматыкітап, 2006. — 113–115-б.

Р.С.Каренов

Слово о выдающемся ученом-востоковеде, основателе научной школы археологов Казахстана

К 110-летию со дня рождения Алькея Маргулана

Обобщены жизнь и деятельность выдающегося казахского ученого, основателя научной школы археологов республики академика Алькея Маргулана. Отмечено, что ученый-востоковед известен научной общественности страны и мира не только многочисленными трудами в области археологии, но и тем, что был этнографом, историком, востоковедом, филологом. Кроме того, он также автор известных трудов о казахских обычаях, музыке и фольклоре, географических названиях. Высказана мысль о необходимости дальнейшего изучения творческой деятельности этой незаурядной личности — эрудированного ученого в области этнографии, археологии, антропологии, истории, искусствоведения.

R.S.Karenov

Word about the outstanding scientist-orientalist founder scientific school of archeologists of Kazakhstan

To the 110 anniversary of the birth of Alkey Margulan

Life and activity of the outstanding Kazakh scientist, founder of scientific school of archeologists of the republic, the academician Alkey Margulan are generalized. It is noted that it is known scientific community of the country and the world not only numerous works in the field of archeology, but it appeared also the ethnographer, historian, orientalist, philologist. It is emphasized that is also the author of well-known works of Kazakh customs, music and folklore, place names. Need to further studying of creative activity of this outstanding personality who was the erudite scientist in the field of ethnography, archeology, anthropology, history, art expresses.

References

- 1 *Historic figures of the Kazakh people: Short reference book. First book*, Almaty: Oner publ. house, 2011, p. 239.
- 2 Alpysbes M. *Descendants Aydabol biya from a sort Syuindik. Historical and genealogical research: Monograph*, Karaganda: Publ. house HAG, 2010, 476 p.
- 3 Hakanov M. *Ortalyk Kazakhstan*, 2014, January, 9, p. 6.
- 4 *Kazakhstan. National encyclopedia*, 6 // Editor-in-chief B.Ayagan, Almaty: Main edition of «The Kazakh encyclopedia», 2004, p. 368,369.
- 5 Mukhamedzhanov M., Zhanayeva Sh. *History of Kazakhs*, 2005, 3, p. 123–126.
- 6 Zholdasbekov M. *Egemen Kazakhstan*, 2011, January, 6, p. 3.
- 7 *Kazakhs. The nine-volume reference book devoted to the majority of the reading. II, Historic figures*, Almaty: Bilik publ. house, 2003, p. 188.
- 8 Toktagaza E. *Akikat*, 2011, 1, p. 86–87.
- 9 Akhmetov K. *Jean Saryarc*, 2006, 2(85), p. 40–42.
- 10 Kasenalin A. *Ana tili*, 24 (1072), June, 16–22, 2011, p. 11.
- 11 Berdibayev R. *Zhuldyz*, 1974, 5, p. 144–148.
- 12 Toktagaza E.A. *Akikat*, 2011, 5, p. 101–105.
- 13 Akzhigit O. *Zhalyn*, 10, p. 105–110.
- 14 Zholdasbekov M. *Precious course: Researches, articles*, Astana: Kultegin, 2012, p. 325.
- 15 *Historic figures. Informative and general editions // Originators: B.Togysbayev, A.Suzhikova*, Almaty: Almaty kitap LLP, 2006, p. 113–115.